



ХҒТАР 16.01.33
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-150-1-35-45>

Термин қалыптастырудағы деколониалық ұстаным

С.Қ. Әлісжан 

Назарбаев Университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: saliszhan@nu.edu.kz)

Аңдатпа. Бұл мақала термин қалыптастырудағы деколониалық ұстаным мәселелеріне арналады. Тілдік деколониалдау аясында пайда болған деколониалық ұстаным ұғымы терминология бойынша төл құндылықтарымызды қайтаруды көздейді. Жалпы тілдік деколониалдау термині тілдік ұлттық бірегейлікті қалпына келтіру үшін қолданылатыны белгілі. Тілдің ғылыми қатынас аясында коммуникативтік бағытталуы болмаса, ұлттық түсінік арқылы ғылыми мазмұнды беру іс-әрекеті қалыптаспайды. Бұл мақаланың мақсаты – термин қалыптастыру барысындағы деколониалық ұстанымды айқындау, демек, саяси жағдайлар ықпалынан термин жасау ісінде жоғалтқан кейбір тілдік тетіктерді күшейту. Кезінде А.Байтұрсынұлы бастаған алаш зиялыларының бастамасын қайта жандандыру. Термин қалыптастырудағы деколониалық ұстаным ғылыми ұғым атауының ана тілінде қалыптасуына негізделеді. Бұл өз кезегінде қазақша ғылыми сананың қалыптасуына жол ашады. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі қолданыс аясын кеңейтуге байланысты шаралардың бірі болмақ. Мақалада ғылыми еңбектерге сүйене отырып, бұрынғы кеңестік идеологияның қазақша ғылым тілінің дамуына тиізген кері әсері, Тәуелсіздік алғаннан бергі термин саласындағы жаңа тұжырымдар баяндалады. Мақалада тілдік деколониалдау және терминология бойынша ғылыми әдебиеттер келтіріледі. Мақала мазмұны термин қалыптастыру барысында жаңа бағыттардың тұрақтануына, сала мамандарының тілдік күзиреттілігінің артуына ықпал етеді.

Түйін сөздер: термин, термин қалыптастыру, тілдік деколониалдау, деколониалық ұстаным, ғылыми сана

Түсті: 07.01.2025; Жөнделді: 25.02.2025; Мақұлданды: 04.03.2025; Онлайн қолжетімді: 30.03.2025

*Хат-хабар үшін автор

Кіріспе

Қазіргі қоғамдық ғылымдардың түйіскен тұсында тілдік деколониалдау ұғымы пайда болды. Бұл терминнің негізгі мәні – отаршылдық саясат пен тілдік гегемония салдарынан жойылу қаупі төнген тілдерді қалпына келтіру, оларды қолдау және дамытуды қамтитын тілді отаршылдық құрылымдар мен отаршылдық таңған «құндылықтардың» ықпалынан азат ету үдерісі. Отарлау жағдайында көптеген жергілікті халық ана тілдерінен бас тартуға мәжбүр болды, ал олардың орнына отарлаушылардың ағылшын, француз, испан, португал, орыс және т.б. тілдер келді. Лингвистикалық деколониалдау – осы үдерістерге қарсы әрекет және жоғалған немесе жоғала бастаған тілдік бірегейлікті қалпына келтіру әрекеті [Тілдік деколониалдау бойынша көптеген ғылыми ақпаратты мына зерттеулерден табуға болады: 1; 2].

Деколониалдау ұғымын «отарсыздандыру» деп те атауға болады. Отарсыздандыру отаршылдықпен тікелей байланысты болғандықтан, қоғамдық сананы отаршылдықтан азат етуге бағытталған зерттеулер жаңа саланың қалыптасуына үлкен ықпал етті. Осы орайда Эдуард Саидтың «Ориентализм» (1978) атты еңбегі ерекше аталады [3]. Ғалымдар бұл еңбекті «...Батыс тарапынан біржақты бағалаудан және Шығыс туралы жалған таптаурындардан арылтып, сананы отаршылдықтан құтылуға арналған құралдар ұсынды» деп бағалайды [4, 15].

Отаршылдықтың салдары қоғамдық-әлеуметтік барлық салаларда өз ізін салғаны белгілі. Оның теріс әсері біздің төл құндылықтарымызды жойып, империялық пиғылдағы риториканы жүзеге асыру. Осы орайда қоғамдық әдебиеттерде «постколониялық синдром» ұғымы қолданылып жүр. Жоғарыда келтірген А.Мұстопованың жазуында, «Бұл синдромнан құтылу үшін ойлау жүйесін отаршылдықтан арылту, өзін және әлемді қайта түсініп бағалау керек» [4, 26].

Қазақ тіл білімі салаларында отаршылдық таңған құбылыстар жоқ емес. Кеңестік тұстағы саясат үстемдігі тіл ғылымында да көрініп отырды. Кейбір грамматикалық құбылыстардың түсіндірілуі, әліпби ауысуы, жазу, емле т.т. мысалдар соның айғағы бола алады. Кейбірі зерттеушілер тарапынан сөз болып та жүр. А.Салқынбай кеңестік қазақ тіл білімінің даму жолына орай «Қалыптасқан саяси жағдайлар мен жүргізілген тіл саясатына икемделе отырып, жазуды бірнеше рет өзгерту де қазақ тіл білімінің ілгерілей алға басуына өзінің кері әсерін тигізбей қоймады» – деп жаза отырып, кеңестік идеологияның тіл ғылымына тигізген ықпалын ескертеді [5].

Термин өзінің ұғымдық мазмұны жағынан күрделі тілдік бірлік, ол белгілі бір салалық атау ғана емес, сол салалардағы маманның ғылыми ойлау мен танымын ұштастыратын интеллектуалдық бірлік. Қазақша қалыптасқан термин ғылыми сананың қазақ тілінде сіңісуіне жол ашады. Жалпы ғылым атаулының бүкіл адамзаттық сипатын ескере отырып, оның берілу жолдарының ұлттық болып келетіндігіне ерекше назар аударатын уақыт жетті деп ойлаймыз. Ғылым-білімі дамыған тілдерді алып қарасаңыз солай. Тілдік санада термин болса «интернационализм» деген біржақты қағиданың қазіргі кезде «іргесі сөгіле бастады». Бұл термин қалыптастыру жұмыстарындағы «постколониялық синдром»-нан арылудың жолдарын білдіреді. Алайда осы орайда

нақтылықтан гөрі жалпыламалық басым, сондықтан бұл мақалада көзделетін негізгі мақсат – ғылыми еңбектерге сүйене отырып, термин қалыптастыру барысындағы деколониалық ұстанымды айқындау, бұрынғы кеңестік идеологияның «жұмсақ қысымын» анықтау, термин саласындағы жаңа ұстанымдарды көрсету. Бұл өз кезегінде қазақ терминологиясының дербес бағыт ұстануына, қазақша ғылым тілінің табиғи түрде жатық қалыптасуына мүмкіндік туғызатындығы сөзсіз.

Әдебиеттерге шолу

«Тілдік деколониалдау», «деколониалық ұстаным» ұғымдары қазақ тіл білімі үшін енді қолданыла бастаса, әлемдік лингвистикада бұрыннан бар. Олардың бірқатары жоғарыда келтірілді, негізгі еңбек ретінде Э.Сайдтың «Ориентализм» кітабы аталады. Қазақ зерттеушісі А.Мұстопьянованың көрсетілген еңбегінде постколониалық теорияға ықпал еткен Г.Ч.Спивак, Франц Фанон («Қара тері, ақ маскалар»), Стюарт Холл, Роберт Янг тәрізді зерттеушілердің пікірлері талданады. Сонымен бірге термин жайында жарық көрген көптеген зерттеулер бар екендігі белгілі. Қазақ терминологиясы Тәуелсіздік алғаннан бері қарқынды зерттеле бастады. А.Байтұрсынұлы бастаған алаш зиялыларының көзқарастары термин қалыптастыру барысында бүгінгі күні аса өзекті. Ә.Қайдар, Ө.Айтбайұлы, Ш.Құрманбайұлы, Ш.Білал, т.б. авторлардың еңбектері мақаланы жазу барысында негізге алынды.

Әдіснама

Мақаланың әдіснамалық негізі термин жайындағы ғылыми әдебиеттерге негізделді. Әлем және қазақ ғалымдарының термин туралы ғылыми пікірлері, терминдерді қалыптастырудағы әдістемелері мақаланың әдіснамалық негізін құрайды. Тәуелсіздіктен кейінгі қазақ терминологиясының қарқынды дамуын ескерсек, термин тақырыбы жөнінде қазақ тіл білімінде едәуір ғылыми тәжірибе жинақталды. Терминнің териялық табиғатын түсінуде болсын, оны қалыптастырудағы практикалық мәселелерде болсын осы еңбектер ескерілді. Мақалада келесідегідей лингвистикалық әдістер қолданылды: талдау, салыстыру, сипаттау, танымдық тұрғыдан баяндау әдістері. Мақалада «деколониалық ұстаным» ұғымын термин қалыптастыру тұрғысынан қалай түсінуге болады, оны термин жасау тәжірибесінде қалай пайдаланамыз деген сауалдарға жауап іздеуге тырыстық.

Нәтижелер мен талқылау

Проф. А.Салқынбай XX ғасырдағы қазақ тіл білімінің даму жолын былай кезеңдестіреді: 1) XX ғасыр басындағы репрессияға дейінгі алаш зиялылары қалыптастырған қазақ тілі ғылымы; 2) 40-60 жылдардағы жаңа жазу, жаңа саясат үлгісінде формальды бағытта жазылған қазақ тіл білімі; 3) 60-80 жылдардағы қазақ тіл білімінің диахрониялық-синхрониялық бағыты; 4) Қазіргі қазақ тіл білімі: лингвомәдени бағыт [5].

Деколониалық ұстаным А.Байтұрсынұлы бастаған алаш зиялыларының термин жайындағы пікірлерінде айқын көрініс тапты. Алаш кезеңіндегі деколониалық ұстаным терминология саласының ұлтқа қызмет етуімен, ана тілінің ішкі мүмкіншілігін термин қалыптастыруда сарқа пайдаланумен сипатталады. Өкінішке қарай, кезінде бұл оң бағасын ала алмады. «Пуризм»-ді желеу етіп, ұлт тілінің мүддесіне қызмет еткен термин қалыптастыру ісін жоққа шығару күшейді. Осымен байланысты Ш.Құрманбайұлының мына пікірі орынды айтылған: «Алаш идеясының негізгі өзегі – ұлттық мемлекеттілік болды. Сондықтан да алаш зиялыларының бүкіл қызметі, атқарған істері ұлттық мемлекеттің іргетасын нығайтуға бағытталды. Олардың тіл саласындағы атқарған істерінен, терминологияны қалыптастыруда ұстанған қағидаттарынан да оны анық байқауға болады. Олар ұлттық мемлекеттің ғылыми-техникалық терминологиясының да ұлт тілі негізінде жасалып, қалыптасуын көздеді» [6, 283].

Мысал ретінде алаш кезеңінде пайда болып, қазіргі кезде тұрақтанған түрлі сала терминдерін алуға болады: *хаттама, көшірме, арыз, әкімдік, әдіс, әдістеме, жарнама, төраға, алқа, салым, кепіл, талапкер, шелқабық, жасақ, қарар, кеңес, ұлпа* т.б.

Кеңестік идеология күшейген тұста «кемелденген социализм» көрінісі қоғамның барлық саласында, соның ішінде ғылым мен техникада да өз қағидаларын әбден орнықтырды. Орталықтандырылған саяси көзқарастар «ұлы орыс тілі» үшін ұтымды болғанымен, басқа ұлт тілдері үшін орыс тілінің «ығына жығылған» кездері көп болды. Тоталитарлық режимде бұл мәселені айтуға болмайтын, социалистік қоғамның тек жақсы жақтары сөз болды. Тілдегі шешілмеген көп мәселелер, соның ішінде терминология да бар, өз ішінен қордалана берді. Сол кездегі қоғамның «жақсылығын» көру терминологияға да тән болды. Ю.Д.Дешериевтің айтуында, терминология мәселелері социалистік интернационализм негізінде қарастырылып, шешімін тапты. Терминология мәселесі халықаралық терминдер мен ұлттық терминдерді дәйекті үйлестіру арқылы дамытылып отырды [7, 19].

Алайда іс жүзінде бәрі басқаша еді. Жоғары оқу орындарында жаратылыстану мен техникалық салалар бойынша қазақ тілінде мамандықтар дайындау ісі төмендеді, біртіндеп орыс тіліне көшіріле бастады, соған орай аталған салаларда оқу құралдарын, оқулықтар, ғылыми еңбектер жазу барысы едәуір кенжеледі. Ішінара жекелеген салалар бойынша ғылыми жұмыстар жүргізіліп жатқанымен, солақай саясаттың салдары қазақ ғылым тілі үшін кәдуілгідей соққы болып тиді. Орталықтандырылған кеңестік саясат қазақ терминологиясына да ықпал етіп, терминдерді қабылдау мен қалыптастыруда өзіндік ұстанымдардың бой көтеруіне мүмкіндік бермеді. Жекелеген ғалымдардың, әр сала бойынша қазақша жазуды үзбеген мамандардың бастамашылдығы мен ұлтжандылығы қазақ тілінің ғылыми салалардағы қолданысын мүлде жойып жіберуден құтқарды.

Кезінде ұлы жазушы М.Әуезовтің «Ендеше, сол жұршылыққа қазақтан шыққан инженерлер, дәрігерлер, биологтар, математиктер өз еңбектерін өз халқы тілінде жазып таратпауын немен ақтауға болады? Ал, біздің бүгінгі әдебиет тіліміз байығанда сол ғылым-техниканың бар саласындағы ұғым түсініктер, атаулар молынан кіргендіктен байыды дейміз. Ендеше, сол сөздерді, сол ғылымдарға байланысты тіл, орам шеберліктерді осы

ғылымдардың өз мамандарынан артық қазақ тілінде айтып бере алатын шеберлерді, қайраткерлерді бір жақтан қарызға сұрап аламыз ба?» деп жан ұшыра жазуы сол кездегі ғылым мен техниканың қазақ тіліндегі ахуалына байланысты еді. М.Әуезов қазақтан шыққан инженерлер, дәрігерлер, биологтар, математиктердің өз еңбектерін ана тілінде жазбауын ешнәрсемен ақтауға болмайтындығын айтып, қынжылын жасырмайды [8, 272].

Мәдениет қайраткерлерінің қазақша ғылым тілін дамыту туралы осылай дабыл көтеруі тегіннен-тегін емес. Өйткені ғылыми тіл – ғылым жетістіктерін, ғылыми ақпаратты жеткізетін тіл ғана емес, «ғылым тілі бүгінде әдеби тіліміздің ең сүбелі саласы, жон арқасы» (Ә.Қайдар). Адамзат дүниені ғылым арқылы танып біледі десек, соны жеткізудегі тілдің рөлі орасан. Сондықтан биология ғылымының докторы Н.Аралбаевтің мына бір сөздері өте орынды айтылған деп білеміз: «Қандай ғылым болсын сөз арқылы ұғындырылады, жария болады, үйретіледі. Әр ұлт оны өз тілінде түсініп, өз тілі арқылы дамытады. Қазақстанда ботаника ғылымы да қазақ тілінсіз өркендей алмақ емес. Әдебиетте өсімдіктер дүниесі көркемдік тұрғыдан бейнеленсе, ботаника ғылымы оның сыр-сипатын, құпиясын нақты ашып ұғынуды мақсат етеді... Бір сөзбен айтқанда, тіл мәселесі ғылымның дамуы үшін де маңызды. Сондықтан да қазақ тілін дамыту туралы сөз болғанда оның ғылыми салаларға да тікелей қатысы бар екенін түсіну қиын болмаса керек...» [9].

«Әдебиетте «түрі ұлттық, мазмұны социалистік», яғни социалистік реализм шеңберінен шықпайтын әдебиет жасау көзделгендей, термин шығармашылығы да орталық белгілеген қатаң қалыпқа сәйкес жүргізілуі керек болды. Арнаулы ұғым атауларын жасауда ұлт тілдерінің ішкі ерекшеліктері ескерілмей «совет халқының» ортақ тілі – орыс тілінің мүддесі бәрінен де жоғары қойылды» [6, 109]. Проф. Ш. Құрманбайұлы атап көрсеткен бұл шындық – жиырмасыншы ғасырдың 60-80-жылдарына тән болды.

Бұл кезеңді ғылыми жағынан келгенде терминтанушы ғалымдар түрліше бағалайды. Акад. Ө. Айтбаев: «...Қазақ терминологиясының ғылыми мәселелері 60-70-жылдары азырақ солғындап қалған тәрізді. Яғни практикалық мәні бар жұмыстар (сөздік түзу, мақала жазу т.б.) тоқтап қалмағанмен, ғылыми-зерттеу жұмыстары жүйелі жүргізіле қоймағанын айтып отырмыз» деп көрсетеді [10, 191]. Проф. Ш. Құрманбайұлы осы кезеңдегі терминология барысындағы айтарлықтай өзгерістің орын алмағандығын көздей отырып, былай деп жазады: «Біздіңше, 30-жылдардан 90-жылдарға дейінгі уақыт аралығын ұлттық ғылыми терминологияның дамуының бір ғана кезеңі деп қараған дұрыс. Өйткені бұл мерзім ішінде термин жасау мен шет тілдерінен қабылдау мәселесінде айтарлықтай өзгеріс болған жоқ. Ғылыми терминологияны қалыптастырудың басқа арнаға бұрылуына негіз де болмаған еді. Яғни, ол бағытты қолдап, болашақта барлық ұлттардың ана тіліне айналуға тиіс Кеңес Одағының мемлекеттік тілі – орыс тілінің жан-жақты дамуына, қоғам өмірінің барлық саласында қызмет етуіне жағдай жасап отырған орталықтың өзге ұлт тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне деген көзқарасы өзгере қойған жоқ болатын. Сондықтан да ғылыми терминологияны дамытуда 30-жылдары Одақтың тіл саясаты тұрғысынан қаралып жасалған принциптер 90-жылдарға дейін басшылыққа алынып келді» [6, 113].

Проф. Ш. Біләлов бұл кезеңді «ғылым тіліндегі ұлттық тіректің шайқалу кезеңі» деп атайды. Ғалымның: «Осылай басталған, ғылым тіліндегі ұлттық тіректің шайқалу кезеңі, жаппай орыстану кезеңіне ұласты. Ол шамамен 50-жылдардан басталады» – деген жорамалы басқа да зерттеушілердің айтып жүргеніндей шындыққа жақын келеді [11, 207].

Қазақ тілінің әлеуметтік-лингвистикалық мәселелерін қарастырған зерттеуші Б. Хасанов мұның себебін орталықтандырылған саясаттан іздейді: «Функционирование казахского языка в предвоенный и послевоенный периоды отличается, с одной стороны, периодическими торможениями со стороны Центра, с другой – приобретением в разном объеме новых сфер: каналов массовой коммуникации (радио, телевидение и кино), высшего образования и науки» [12, 23].

Кеңестік идеологияның терминологияға тигізген «жұмсақ ықпалы» осындай сипатта орын алса, Тәуелсіздік алғаннан бері бұл үрдіс бәсеңдеп, қазақ тілінің қоғамның «ғылыми санасын» көтеретін құрал есебіндегі рөлі күшейді. Үзіліп қалған алаш зиялыларының тұжырымдары қайта оралды. 1993 жылы акад. Ә.Қайдардың «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» атты еңбегі жарық көрді [13]. Термин қалыптасуындағы деколониялық ұстаным осы еңбектің жариялануымен тығыз байланысты, алаштықтардың көзқарасымен астасып жатқан шын мәніндегі жаңа ұстанымды көздеді. Автор ұсынған 11 қағида қоғамдық-саяси өмірдегі терминология мәртебесін көтеруге бағытталды. Барынша ықшамдап айтқанда, деколониялық ұстаным мына қағидалармен сипатталады: мемлекеттік қамқорлық, ұлттық тіл үшін тиімді дәстүр, байырғы лексикалық қор, туыстас тілдердің тәжірибесі, қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктерін сақтау, ұлттық және халықаралық терминдердің табиғи ара салмағын сақтау т.б. Бұл тұжырымдар термин қалыптастыру ісінде қазірге дейін пайдаланылып келеді, сонымен бірге теориялық әрі практикалық тұрғыдан дамуда. Соның бір дерегі ретінде қазіргі Терминологиялық комиссия (Терминком) терминдерді бекіту барысында негізге алып жүрген қағидаларды алуға болады. Атап айтқанда:

- байырғы қазақ лексикасы сөздерінің қорын барынша пайдалану;
- лексикалық қорды және қазақ тілінің сөзжасамдық тәсілдерін ұтымды пайдалану;
- термин жасауда басқа түркі тілдерінің оң тәжірибесін пайдалану;
- тіл нормаларына сәйкестік; тілдегі сөзжасам заңдылықтарына сәйкестік;
- термин синонимдерінің, фонетикалық, графикалық, морфологиялық, сөзжасамдық және синтаксистік нұсқаларының болмауы;
- терминдерді шет тілдерден тіл нормаларына бейімдеу арқылы алу;
- терминнің туынды сөз жасауға қабілеттілігінің болуы;
- ғылымның, техниканың салалық аяларында семантикасы немесе формасы бойынша тегі жағынан жақын терминдердің қолданылуын үйлестіру, сондай-ақ ұлттық және кірме терминдердің табиғи теңгерімін сақтау принциптері [14].

Дегенмен осының бәрі қазақ терминологиясы «аяғынан тік тұрып кетті» дегенді білдірмейді. Алда осы бағытта істелер талай жұмыстар, міндеттер тұр. Соның бірі – термин қалыптастыру барысындағы деколониялық ұстанымды барынша күшейту. Олай дейтініміз, көпшілік арасында, әсіресе сала мамандарында терминнің қазақша

нұсқаларына деген күмән әлі сейілмей тұр. Мамандар қазақшадан гөрі «барлық тілге ортақ» дегенді желеу етіп орысша нұсқасын ала салуға бейім. Әрине, жоғарыда ескертілгендей, жалпы ғылымның өзі адамзаттық сипатта, ол белгілі бір ұлтқа байланып қалмайды. Алайда мазмұны адамзаттық болғанымен, берілу жолдары, жеткізілу жолдары ұлттық екендігін әр маман есте ұстағаны жөн. Сонда ғана қазақтілді ғылым жасай алатындығымыз сөзсіз. Тілдің ғылыми саладағы танымдық қызметі осыдан бастау алады. Қазақша атаулар өздерінің орысша нұсқасына қарағанда механикалық түрде қолданыла салмайды. Мысалы, біз «процесс» сөзін автоматты түрде қолданамыз, ал оны үдеріс деп қазақша атасақ, сөйлеушінің сансында сол сөздің мағынасына байланысты түсінік қалыптасады. Қоғамдық ғылымдарда әлі күнге жарыспалы қолданылып жүрген «интерпретация» атауы кездеседі. Көп мамандар, әсіресе тіл білімі мамандары сол күйінде пайдаланады: *сөз интерпретациясы*. «Интерпретация»-ның «талдау», «түсіндіру» деген мағыналарын негізге алып, *түсіндіру (сөзді түсіндіру)* сөзін балама ретінде қолдану да кездеседі. Медицинадағы *дәрумен – витамин* нұсқалары туралы да осыны айтуға болады. Мұндай жарыспалы терминдерге мысалдар көп, олардың қазақша нұсқаларына деген мамандар күдігі бар. Кезінде құрылыс саласы бойынша бастау алған терминжасамдағы бір дыбысын өзгерту арқылы мағынаны саралап қолдану, мысалы, *ғимарат, имарат, үймерет* қазір кенжелеп қалды. Мамандар төл терминдердің терминологиялық лексика жүйесіндегі ара салмағын, тіл болашағы үшін артықшылық тұстарын терең сезіне білмейді. Термин шығармашылдық қазіргі күнмен емес, болашақпен санаса жүргізілу керек. А.Байтұрсынұлы бастаған алаштықтардың еңбегінде осы идея болған. Сонда ғана ана тіліндегі ғылым дамиды, кейінгі ұрпақтың ғылыми санасы қазақша қалыптасады. Ал даяр ғылым бойкүйездікке үйретеді. Ұлттық танымға сүйенген қабылдау ондай ғылымда болмайды. Өйткені тілдің ғылыми аяда коммуникативтік бағытталуы жоқ, ұлттық түсінік арқылы ғылыми мазмұнды беру іс-әрекеті қалыптаспаған. Егер ахуал осылай жалғаса беретін болса, қазақ тілінің ғылыми қатынастағы тежелуі үдей түсетіні анық. Мұндай әрекеттің тіл болашағына кері әсерін тигізетіні бәрімізге аян. Осындай бұлыңғыр болашақты болдырмас үшін біз ең алдымен мамандардың терминдерге деген көзқарасын түбегейлі өзгерту керекпіз. Бұл міндетті орындау жоғары оқу орындарынан бастау алуы тиіс деп санаймыз. Көптеген зерттеушілер көрсетіп жүргендей, терминологиялық жүйенің дамуы білім салаларындағы ұғымның дамуымен, олардың практикалық қолданылуымен тығыз байланысты екендігін ұмытпаған жөн [15, 27].

Қорытынды

Термин қалыптастырудағы деколониалық ұстаным ғылыми ұғым атауының ана тілінде қалыптасуына негізделеді. Өйткені төл термин біздің мамандардың ғылымдағы (белгілі бір саладағы) іс-әрекеті мен ойының көпірі іспеттес қызмет атқарады. Ғылыми ой мен оны тіл арқылы жеткізудің сабақтастығын көрсетеді. Дәл балама іздеу, сөздің мағынасына үңілу, анықтама беру тәрізді ізденіске, тәжірибеге негізделген қазақ тілінде сөйлейтін мамандардың түйсігі мен танымының кепілі бола алады. Осы орайда мамандардың тіл мен ұғымның арасындағы бір-бірімен ұласатын берік негізді іздеу

тәжірибесі қалыптасады, ғылыми сана сөйлеушілерде ана тілінде орнығады. Сала терминологиясы құрамындағы әрбір атаудың өзіндік түсіндірмесі – сол сала бойынша жинақталған когнитивтік білімді көрсетеді. Қазақ тіліндегі терминдерде жаттанды ойлау үлгісі болмайды, олар еркін сипатқа ие, оларға еркін тыныс, өзгешелік тән және перспективаға негізделеді.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Әдебиеттер тізімі

1. Charity Hudley, Anne H., Christine Mallinson, and Mary Bucholtz (eds), *Decolonizing Linguistics*. – New York: Oxford Academic, 2024. DOI: <https://doi.org/10.1093/oso/9780197755259.001.0001> (accessed: 12.09.2023).
2. Ndhlovu, F., & Ndlovu-Gatsheni, S.J. (Eds.). *Language and Decolonisation: An Interdisciplinary Approach* (1st ed.). – London: Routledge, 2024. – 398 p. DOI: <https://doi.org/10.4324/9781003313618>
3. Уади С.Э. Ориентализм. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 328 б.
4. Мұстояпова А. Бұғауды бұзған қазақ даласы / Аударған Ханетова А. – Алматы: AmalBooks баспасы, 2022. – 268 б.
5. Салқынбай А. Қазақ тіл білімі ғылымының қалыптасуы мен дамуы [Электронды ресурс]. – URL: <https://juldyz.info/til-bilimi-ylumyny-alyptasuy-men-damuy> (қаралған күні: 01.09.2024)
6. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. – Алматы, 2014. – 952 б.
7. Дешериев Ю.Д. Языковые проблемы многонационального советского общества // Вопросы языкознания. – 1982. – № 6. – С.14-27.
8. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – 16-Том. (Мақалалар, зерттеулер). – Алматы: «Жазушы». – 1985. – 207 б.
9. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы, 1988.
10. Біләлов Ш. Ұлттық ғылым тілін қалыптастырудың өзекті мәселелері (математика саласы негізінде). – Алматы: Ғылым, 1996.
11. Хасанов Б. Социально-лингвистические проблемы функционирования казахского языка в Республике Казахстан. – Алматы, 1992.
12. Қайдар Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас // ҚР ҰҒА-ның Хабарлары. Тіл-әдебиет сериясы. – 1993. – Б. 3-17.
13. «Республикалық терминология комиссиясы туралы» 2024 жылғы 18 наурыздағы № 116 бұйрығы [Электронды ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G24HN000116>(қаралған күні: 01.09.2024)
14. Анафинова М.Л., Есенгельдинова А.Т. Терминологическая системность как лингводидактический аспект исследования языка для специальных целей // Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – №2(143). – Б. 27-34.

С.К. Алисжан

Назарбаев Университет, Астана, Қазақстан

Деколониальная позиция в формировании термина

Аннотация. Статья посвящена проблемам деколониальной позиции в формировании термина в казахском языке. Концепция деколониальной позиции, возникшая в рамках языковой деколонизации, направлена и стремится на возвращение исходных ценностей в области терминологии. В целом термин «лингвистическая деколонизация» используется для обозначения восстановления языковой национальной идентичности. Если в рамках научного общения нет коммуникативной направленности языка, то не будет формироваться деятельность по передаче научного содержания через национальное понимание. Цель данной статьи – прояснить деколониальную позицию в процессе терминообразования, конкретизировать некоторые лингвистические механизмы, утраченные в процессе терминообразования под влиянием политических условий. Возродить инициативы интеллектуалов Алаша во главе с А. Байтурсынулы. Деколониальная позиция в формировании термина основана на формировании научного понятия на родном языке. В свою очередь, это открывает путь к формированию казахского научного сознания и будет одной из мер, связанных с расширением сферы применения казахского языка как государственного. На основе научных трудов в статье описано негативное влияние постсоветской идеологии на развитие казахской научной речи и новые тенденции, а также направления в области терминологии за годы независимости. В статье представлена научная литература по лингвистической деколонизации и терминологии. Содержание статьи способствует конкретизации новых направлений в процессе терминообразования, повышению лингвистической компетентности специалистов разных отраслей.

Ключевые слова: термин, терминообразование, языковая деколонизация, деколониальная позиция, научное сознание.

S.K. Aliszhan

Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan

Decolonial position in the formation of the term

Abstract. This article explores the decolonial position in Kazakh term formation, emphasizing linguistic decolonization as a means of restoring national identity. The concept of decoloniality seeks to reclaim original values in terminology, ensuring the communicative function of language in scientific discourse. Without this orientation, national scientific understanding cannot fully develop. The article clarifies the decolonial approach to term formation and examines linguistic mechanisms lost due to political influences. It also highlights the legacy of Alash intellectuals, particularly A. Baitursynuly, in shaping terminology. A decolonial stance in term formation fosters scientific concepts in the native language, contributing to the development of Kazakh scientific consciousness and expanding the state language's application. Using scientific sources, the article analyzes the negative impact of post-Soviet

ideology on Kazakh scientific discourse and highlights new trends in terminology since independence. It presents literature on linguistic decolonization and terminology, offering insights into emerging directions in term formation and enhancing linguistic competence across various fields.

Keywords: term, term formation, linguistic decolonization, decolonial position, scientific consciousness

References:

1. Charity Hudley, Anne H., Christine Mallinson, and Mary Bucholtz (eds), Decolonizing Linguistics (Oxford Academic, New York, 2024). DOI: <https://doi.org/10.1093/oso/9780197755259.001.0001>.
2. Ndhlovu, F., & Ndlovu-Gatsheni, S.J. (Eds.). Language and Decolonisation: An Interdisciplinary Approach (1st ed.) (Routledge, London, 2024, 398 p.) DOI: <https://doi.org/10.4324/9781003313618>
3. Uadi S.E. Orientalism (National Translation Bureau, Astana, 2019, 328 p.) [in Kazakh]
4. Mustoiapova A. Edvard Saidtyñ orientalizm men nomadizmdegi revoliutsiasy. Bugaudy buzgan Kazak dalasy [The Kazakh steppe that broke the shackles] (AmalBooks baspasy, Almaty, 2022, 15p.) [in Kazakh]
5. Salqynbai A. Kazak til bilimi gylymynyn qalyptasuy men damuy [Formation and development of Kazakh linguistics]. – Available at: <https://julydz.info/til-bilimi-ylmyny-alyptasuy-men-damuy> (accessed: 01.09.2024) [in Kazakh]
6. Kurmanbayuly Sh. Kazak terminologiasy: zertteuler, oqulyq, sozdik, bibliografiya [Kazakh terminology: research, textbook, dictionary, bibliography] (Almaty, 2014, 952 p.) [in Kazakh]
7. Desheriev Yu. Iazykovye problemy mnogonatsionalnogo sovetskogo obshchestva [Language problems of the multi-specialty Soviet society]. Voprosy iazykoznanaiya, 6, 14-27 (1982) [in Russian]
8. Auezov M. 20 tomlyq shygarmalar jinaqy [Collection of works in twenty volumes], Volume 16. Articles, Research papers (Zhazushy, Almaty, 1985, 207 p.) [in Kazakh]
9. Aitbayev U. Kazak terminologiasynyn damuy men qalyptasuy [Development and formation of Kazakh terminology] (Almaty, 1988) [in Kazakh]
10. Bilyalov Sh. Ulttyk gylym tilin kalyptastyrudyn ozekti maseleleri (matematika salasy negizinde) [Actual problems of the formation of the national language of science (based on Mathematics)] (Gylym, Almaty, 1996) [in Kazakh]
11. Khasanov B. Sosialno-lingvisticheskie problemy funkcionirovaniya kazahskogo iazyka v Respublike Kazakhstan [Socio-linguistic problems of functioning of the Kazakh language in the Republic of Kazakhstan] (Almaty, 1992). [in Russian]
12. Kaidar A. Kazak terminologiasyna janasha kozqaras [A new approach to Kazakh terminology]. QR UGA-nyn Habarlary; Til-adebiet seriasy [Reports of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Language-Literature series] (Almaty, 1993). [in Kazakh]
13. “On the Republican Terminology Commission” Order of the Minister of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan dated March 18, 2024 No. 116 [Electronic Resource]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G24HN000116> (accessed: 01.09.2024)
14. Anafinova M.L., Esengeldinova A.T. Terminologicheskaya sistemnost kak lingvodidakticheski aspekt issledovaniya iazyka dlya spetsialnykh selei [Terminological system as a linguodidactic aspect of studying the language for special subjects]. Bulletin of ENU named after L. N. Gumilyov. Philology series, 2(143), 27-34 (2023).

Автор туралы мәлімет:

Әлісжан Сарқыт Қалымұлы – филология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, Назарбаев Университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: saliszh@nu.edu.kz, ORCID: 0009-0005-9539-3146.

Алісжан Сарқыт Қалымович – доктор филологических наук, ассоциированный профессор, Назарбаев Университет, Астана, Казахстан. E-mail: saliszh@nu.edu.kz, ORCID: 0009-0005-9539-3146.

Aliszh@ Sarkyt – Doctor of Philology, Associate Professor, Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan. E-mail: saliszh@nu.edu.kz, ORCID: 0009-0005-9539-3146.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).